

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы тұрғын-үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесімен мемлекеттік қызметтің көрсету стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 15 мамырдағы N 182 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 17 маусымдағы N 13-4-76 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы N 35 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 18.02.2010 N 35 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 558 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңы 9-1-бабына, «Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 қаулысының 2-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д 1 :

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою мемлекеттік қызметін көрсету қоса берілген стандарт **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Пшенбаев

А у д а н ә к і м д і г і н і н
2008 жылғы 15 мамырдағы № 182
қаулысымен бекітілді

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты

1. Жалпы ереже

1. Мемлекеттік қызмет көрсетудің анықтамасы (мемлекеттік қызмет көрсетудің нормативтік-құқықтық анықтамасы):

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі - жарым-жартылай автоматтандырылған.

3. Нормативтік құқықтық кесімнің атауы, бап (тармақ) және баптың (тармақтың) мазмұны, олар негізінде мемлекеттік қызметтер көрсетіледі - Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 71-бабы 10-тармағы. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйді беру немесе жергілікті атқарушы органмен жеке меншік тұрғын үй қорынан жалға алу тәртібі

4. Осы мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің немесе басқа да субъектілердің атауы: «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Талшық селосы Целинная 21 к ө ш е с і .

6. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке және заңды тұлғалардың санаттары: Қазақстан Республикасының, сол елді мекенде тұрақты тұратын (тұру уақытының қатысы жоқ) тұрғын үйге мұқтаж және жағдайы төмен халықтың әлеуметтік қорғалатын бөлігіне жататын азаматтарына пайдалануға ұсынылады; сонымен бірге тұрғын үйге мұқтаж мемлекеттік қызметкерлерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметкерлерге және де мемлекеттік сайлау қызметтерін атқаратын тұлғаларға ұсынылады. Оларға ұсынылған тұрғын үй және одан басқа жергілікті атқарушы органның жалға алған үйлері қызметтік үйге ж а т қ ы з ы л а д ы .

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімі:

1) Тұтынушыларға қажетті құжаттарды берген күннен бастап мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері (тіркеу, талон алу күнінен бастап т.б.), мемлекеттік қызмет көрсетуді пайдалану үшін электрондық сұрау салу: 10 күн;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтудің максималды уақыты (тіркеліп талон алған уақыттан бастап т.б.), мемлекеттік қызмет көрсетуді пайдалану үшін электрондық сұрау салудың уақыты: 30 минут

4) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтудің максималды уақыты, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі ретінде максималды мөлшері: 10 минут.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ақылы немесе тегін екендігін көрсету. Ақылы болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету құнын (төлем жинағын) төлеу кезінде толтыру талап етілетін құнын, төлеу формасын, құжаттың қажетті формасын (түбіртектерді) көрсету керек.

Мемлекеттік қызмет көрсету: Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке тұрғызу тегін іске асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен қол жеткізілімділігіне талаптар туралы ақпараттық қайнар көз ретінде міндетті түрде орналастыру орындарын көрсету. Бұл стандартты ресми жариялаудың қайнар көзіне сілтеме, мемлекеттік орган, мемлекеттік мекеме немесе мемлекеттік қызмет көрсететін басқа да субъектілердің сайттарына сілтеме, немесе мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары.

Анықтама беру мемлекеттік қызмет көрсетулердің стандарттары «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Талшық селосы Целинная 21 көшесі.

9. Жұмыс кестесін көрсету (күндерін, сағатын, үзілісті), қызмет көрсетулерді пайдалану үшін алдын ала жазылып қою бар ма, әлде жоқ па екендігі (шарттар мен талаптарды көрсету), жылдамдатылған қызмет көрсетудің бар не жоқ екендігі (шарттар мен талаптарды көрсету).

Жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін, үзіліс 13-00-ден 14-00-ге дейін.

10. Қызмет көрсету орындарының шарттарын көрсету (үй-жай режимі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, физикалық мүмкіндіктері шектелген адамдар үшін шарттар, кезекте тұрып күтудің құптауға лайық шарттары және қажетті құжаттарды даярлау (күту залы, үлгі қағаздары бар үлдірлік және т.б.).

«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын-үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, күту залында Орындықтар, ақпараттық стендтер ұйымдастырылған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Қажетті құжаттар мен талаптардың тізбесін көрсету (мысалы, арызданушының электрондық сандық қолының бар болуы), оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсетулерді пайдалануға жергілікті мемлекеттік органнан берілген жеңілдіктері бар тұлғалар үшін: есепке қою туралы өтініш, жергілікті атқарушы орган бекіткен форма б о й ы н ш а ;

азаматтарды тіркеу кітабы. Немесе қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасының «тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес отбасының басқа мүшесін мойындауы туралы жергілікті атқарушы органнан берілген а н ы қ т а м а ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін жалданбалы және пайдаланатын үйлерді ұсыну ережесі туралы» 1999 жылғы № 1292 қаулысының № 2-қосымшасына сәйкес анықтама (өтініш

берушінің меншік құқығына жататын отбасы мүшелерімен бірге тұрақты тұратын үйінің жоқ екені туралы) әлеуметтік қорғау органдарынан өтініш (отбасының) берушінің, әлеуметтік қорғалатын азамат екенін растайтын анықтама немесе мемлекеттік қызметкердің, бюджеттік ұйымдардың қызметкерінің, әскери қызметкердің жұмыс (қызмет) орнынан анықтама.

Қажеттілігіне қарай өтініш беруші мемлекеттік денсаулық сақтау мекемесінен берілген, отбасында аурудың ауыр түрімен ауыратын, қосымша тұратын бөлмеге құқық ұсынатыны туралы анықтама ұсынады.

13. Сайттар сілтемелерін немесе мемлекеттік қызмет көрсетулерді пайдалану үшін толтыруға қажетті бланктар беру орындарын көрсету (арыз қалыпы т.б.)
Өтініш ықтиярлы түрде жазылады: Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Талшық селосы, Целинная көшесі 21 үй.

14. Сайтқа сілтемені, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуді пайдалануға қажетті толтырылған бланктар, қалыптар, арыздар және басқа да құжаттар тапсырылатын жауапты тұлғаның мекен-жайын және кабинетінің нөмірін көрсету.

Қажетті құжаттардың толық пакетімен арыз «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі», Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Талшық селосы Целинная 21 көшесі мемлекеттік мекемесінің 2 кабинетіне тапсырылады.

15. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетуді пайдалану күні жазылған мемлекеттік қызмет көрсетуді пайдалану үшін тұтынушының барлық құжаттарды тапсырғанын растайтын құжаттың атауы мен түрін көрсету.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді пайдалану үшін қажетті құжаттардың барлығын тапсырғаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушыға қабылдау күні мен орындау мерзімі көрсетілген талон беріледі.

16. Қызмет көрсетудің тәсілдері мен нәтижеге жеткізу регламентінің толық тізбесін көрсету - электрондық пошта, сайт арқылы, жеке қатынасу курьер және т. б.

Қызмет көрсетудің соңғы нәтижесін беретін жауапты тұлға сайтының сілтемесін, немесе мекен-жайы мен кабинетінің нөмірін көрсетуі керек. Тұрғын үйге мұқтаж азамат өз қолымен өтініш жазады.

Анықтама поштамен жіберіледі немесе Солтүстік Қазақстан облысы, Талшық селосы, Целинная 21 көшесі, мекен-жайы бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын-үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне» жеке қатынасу керек.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін себеп болған негіздердің толық тізбесін көрсету.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жергілікті атқарушы органның жеке тұрғын үйді жалға алуын есепке алу, егер азамат өзі қасақана соңғы бес жылда тұрғын үйін жағдайын төмендегі жағдайлармен

наша р л а т с а :

1) Тұрғын үйін ауыстыру үшін
2) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 «Тұрғын үй қатынасы туралы» Заңының 98-1-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органның алып берген үйінен басқа, қала шетіндегі өз жеке меншігіндегі тұрғын үйінен айырылу.

3) тұрғын үйді өз кінәсінен бұзу немесе бүлдіру;
4) мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы органның берілген жеке меншік үйден көшіп кету.
5) Өз жолдасы, кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз баласы сонымен қатар еңбекке жарамсыз ата-анасынан басқа адамдарды қоныстандыру.

3. Жұмыс принципі

18. Қызмет көрсетулерді тұтынушыларға қатысты мемлекеттік орган басшылық ететін жұмыс принциптерін түгендеп шығу (сыпайылық, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат, сақтауды, тұтынушылар құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғауды және құпиялығын, жабықтылығын қамтамасыз ету, тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету).

Мемлекеттік қызмет көрсетулерді пайдалануға арызданған азаматтар:

1) жұмыссыздарға анықтама беру тәртібі туралы толық және нақты ақпарат алуға ;

2) сақтауды, тұтынушылар құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғауды және құпиялығын, жабықтылығын қамтамасыз ету, тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) мамандардың әдептілігіне, жауапкершілігіне және кәсібилігіне арқа сүйей алады.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандарттың қосымшасында көрсетілген сапалылық пен қол жеткізушілік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе

басқа да субъектілердің жұмыстары бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасы мен қол жеткізушілік көрсеткіштерінің мақсатты тағайындалуы жыл сайын арнайы құрылған жұмысшы топтармен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағымдар дайындауға көмектесетін (көмектеспейтін) мемлекеттік органның электрондық пошта мекен-жайын, телефон шалуларды өндеу орталығының телефон нөмірлерін (саП-орталықтар), немесе лауазымды тұлға кабинетінің нөмірін көрсету.

Лауазымды тұлғаның әрекетіне шағымдану Солтүстік Қазақстан облысы, Талшық селосы, Целинная 21 көшесі, мекен-жайы бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын-үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» басшысына арыздану арқылы іске асырылады.

22. Шағым түскен мемлекеттік органның атауы, электрондық поштасының мекен-жайы, немесе лауазымды тұлға кабинетінің нөмірін көрсету.

23. Солтүстік Қазақстан облысы, Талшық селосы, Целинная 21 көшесі, мекен-жайы бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын-үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі»

Қабылданған шағымдарды растайтын және берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны, шағымды қарау барысында білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс мәліметтері қаралатын құжаттар атауын көрсету.

Үзінді талон.

6. Байланыс ақпарат

24. Мемлекеттік органның, мекеменің және тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін басқа да субъектінің басшыларының, оның орынбасарының және жоғары тұрған ұйымның байланыс мәліметтерін (сайтын, электрондық пошта мекен-жайын, жұмыс және қабылдау кестесін, мекен-жайы, телефондарын) көрсету.

Солтүстік Қазақстан облысы, Талшық селосы, Целинная 21 көшесі, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

Мекеме бастығы, телефон 21768, № 1 кабинет;

Солтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті. Петропавл қаласы, Мира 69 көшесі

25. Тұтынушыға басқа да пайдалы ақпарат (шақыртуларды өндеу орталығының телефондары, қосымша қызмет көрсетулер туралы ақпарат және т. б.)

Уәкілетті орган:

1) келген азаматтарды үй алу мүмкіндігі туралы 10 күн ішінде ақпараттандырылсын.

Аудан әкімдігінің
2008 жылғы 15 мамырдағы № 182
қаулысына қосымша

Кесте. Сапа мен қол жеткізушілік көрсеткіштерінің мағынасы

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақытында			
1.1. құжатты тапсырған кезден бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайы % үлесі			
1.2. қызмет көрсетуді алуға 40 минуттан артық кезекте тұрған тұтынушы % үлесі			
2. Сапасы			
2.1. % үлесі қызмет көрсету үндерісінің сапасы қанағаттанған тұтынушылар			
2.2. % үлесі лауазымды тұлғаның дұрыс ресімдеген құжаттары болған жағдайда			
3. Тиімділігі			
3.1. % үлесі қызмет көрсету тәртібіне және ақпараттың сапасына қанағаттанған тұтынушылар			
3.2. % үлесі тұтынушылардың дұрыс толтырған құжаттары бірінші ретте тапсырған жағдайда			
3.3. % үлесі интернет арқылы тиімді ақпараттар қазметі			
4. Шағымдану процесі			
4.1. % үлесі қызметкөрсетудің осы түрімен қызмет			

тұтынушылардың санына шағымдар	жалпы негізделген			
4.2. % үлесі белгіленген мерзімде қаралған қанағаттандырылған дәлелденген шағымдар				
4.3. % үлесі осы шағымдану тәртібіне қанағаттанған тұтынушылар				
4.4. % үлесі шағымдану мерзімдеріне қанағаттанған тұтынушылар				
5. Әдептілік				
5.1. % үлесі тұлғалардың әдептілігіне қанағаттанған тұтынушылар				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК